


Бекітемін 
«Жансая» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі Г.Ж.Карабаева



**2024-2025 оқу жылына арналған
педагогикалық кеңестер хаттамасы**


 Бекітемін _____
 «Жансая» бөбекжай-бақшасының
 меңгерушісі Г.Ж.Карабаева

2024-2025 оқу жылына педагогикалық кеңестер кестесі

Мақсаты: Тәрбие-оқыту процессінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлерімен толықтыру.

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
I	<p>№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары» Мақсаты: «2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу – оқыту жұмысын ұйымдастыру»</p> <p>1. Білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру. 2. Жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту 3. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту: - жылдық мақсат пен міндеттерді; - оқу жоспарларын, вариативтік бөлімін бекіту; - ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі; - перспективалық жұмыс жоспарлары; - күн тәртібі кестесін бекіту 4. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту. 5. Жаңадан келген балалардың бейімделуі</p>	қыркүйек	<p>Меңгеруші Карабаева Г.Ж, Әдіскер Куттыбай А.Н</p> <p>Медбике Тойымбетова Л</p>
II	<p>1. №2 педагогикалық кеңес тақырыбы: 2. «Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы арттыру»</p> <p>Мақсаты: балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз етуге, балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эмоционалдық, танымдық қабілеттерін дамытуға психологиялық бағыт – бағдар беру</p> <p>Дөңгелек үстел</p> <p>1. «Ерекше білім беруді талап ететін балаларға жасанды интеллект қалай көмектесе алады?» тәрбиеші Аширова Айман. 2. Ерекше білім беруді талап ететін балалармен жұмыс. Логопед: Тұрлыбек Балжан.</p>	қараша	<p>Әдіскер Куттыбай А Логопед Тұрлыбек Б Педагог-психолог Аханова А</p>

	<p>3. Ерекше білім беруді талап ететін балалардың қауіпсіздігі. Тәрбиеші: Бестенова Л.</p> <p>4. Тренинг. Педагог-психолог № 1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.</p>		
III	<p>№3 педагогикалық кеңес тақырыбы «Бобекжай мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық»</p> <p>1. «Жас ата-аналар» мектебі аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Каринбаева Л.</p> <p>2. «Жас аналармен жұмыс жасауға нені ескереміз» іс-тәжірибе. Тәрбиеші: Асильбекова Г.</p> <p>3. «Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Мырзахметова А.</p> <p>4. «Аналар мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Серикбаева Н.</p> <p>№ 2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.</p>	ақпан	Меңгеруші Карабаева Г.Ж топ тәрбиешісі
IV	<p>№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістері»</p> <p>1. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері. Әдіскер: Куттыбай А.Н.</p> <p>2. Экологиялық мерекелер. Тәрбиеші: Сулейманова Камилла</p> <p>3. Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру. Тәрбиеші: Бестенова Л</p> <p>4.</p> <p>5. Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез құлық мәдениетін қалыптастыру. Тәрбиеші: Аширова А</p> <p>№ 4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.</p>	наурыз	Меңгеруші Карабаева Г.Ж Әдіскер Куттыбай А, топ тәрбиешілері
V	<p>№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі»</p> <p>Мақсаты: МДМ де барлық іс – әрекеттер нәтижесін және әр педагогтың жекеше ісін қорытындылау, тәрбие – білім</p> <p>Өткізу түрі: педагогикалық идеялар жәрмеңкесі.</p> <p>1 № 4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.</p> <p>2. Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп, тәрбиешілердің жұмысының есебі.</p> <p>3. 2024-2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика).</p> <p>4. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау.</p> <p>5. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту.</p>	мамыр	Меңгеруші Әдіскер Куттыбай А, топ тәрбиешілер, Медбике Тойымбетова Л

Орындаған Куттыбай А.Н

№1 педагогикалық кеңестің күн тәртібі

Тақырыбы «Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары».

Мақсаты: 2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу-оқыту жұмысын ұйымдастыру. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Тамыз кеңесі материалдарымен таныстыру.

Өткізген күні: 31 тамыз 2024 жыл

Қатысқан: 12 педагог

Қатыспаған: жок

Педкеңес төрайымы: Карабаева Г.Ж

Хатшы: Бабашева О.

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжай меңгерушісі Г.Ж.Карабаеваға алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру

2. Білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру

3. Жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту

4. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту:

- жылдық мақсат пен міндеттерді;

- оқу жоспарларын бекіту;

- ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі;

- перспективалық жұмыс жоспарлары;

- күн тәртібі кестесін бекіту

5. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту.

6. Тренинг «Өзіне деген сенімділікті арттыру» психолог Аханова Ақмарал. «Мен 2024-2025 оқу жылы...» мақсатты тренинг: әдіскер Қуттыбай А.Н.

7. «Үздік дамытушы орта» байқауын қорытындылау

8. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.



2024-2025 оқу жылының №1 педкеңесі дәстүрден тыс тәсілде өтті. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Г.Ж.Карабаева сөз алды. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына толағай табыстар тіледі. 2023-2024 оқу жылына қорытынды жасалынып, жасалған жұмыстардың нәтижесін атап өтті. Тәрбиеленушілердің мониторингісіне тоқталып, балалардың коммуникативтік білім

дағдыларын дамыту бойынша іс-әрекеттерді көбейтуді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.Н.Қуттыбай білім беру қызметкерлерінің тамыз



кеңесінің материалдарымен таныстырды. Биылғы бағдарлама жоспары бойынша «DIGITAL KAZAKHSTAN: Заманауи білім беру» бағыты негізінде балалар мен педагогтарды жасанды интеллект түрлерімен таныстыруды бастайтынын айтты және кешенді жұмыстар басталатынын ежткізді. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру жүргізді. Презентацияда әр бөлім бойынша өзгерістер толықтай айтылды, бағдарлама аясында бөбекжай миссиясы анықталды. Жаңа оқу жылы



жасанды интеллект технологияларын меңгеру жылы болатынын ескертті, онымен қоса балаларға экологиялық білім беру, қауіпсіздік туралы нұсқаулықтар жан-жақты түсіндірілді. 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдама бойынша «Біртұтас тәрбие» бағытында кешенді бағдарлама аясында жұмыс жасалатынын айтып, дамытушы орталықтарды кеңейтуді ескертті. Балаларға арналған ұлттық бұрышта арнайы қамшы өру, шаш өру бұрыштарын және балаларға арнайы жайлы демалыс орны болуы керектігін де атап өтті. Тәрбиешілердің сұрақтарына жауап берілді, нұсқаулық бойынша аналар, әжелер, әкелер мектебі бойынша кешенді жұмыстар жалғасатынын да айта кетті.



Үшінші мәселе бойынша әдіскер жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын қорытындылады. Жазғы сауықтыру кезеңінде үш кезекші топ жұмыс жасады, әр апта сайын ауданға есеп жіберіліп отырды, ресми парақшаға жазғы сауықтыру кезеңінде 34 видеоматериал жүктелгенін атап өтті. «Құрметт педагог, сіз үшін жазғы сауықтыру кезеңі қалай өтті?»

тақырыбында жасанды интеллект көмегімен қорытынды жасасақ. Шедеврум аи нейрожелісі арқылы жазғы сауықтыру кезеңін қорытындылайық. Сіз өз сипаттамаңыз бойынша нейрожелі көмегімен сурет саласыз, салынған суретке түсіндірме жасалды. Педагогтардың нейрожелі арқылы салған суреттері:



Төртінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. 2024-2025 оқу жылы шыққан әдістемелік нұсқаулық хат негізінде мерекелік іс-шаралар талқыланды. Жаңа оқу жылындағы өзгерістер айтылды. Педагогтардың сұрақтарына жауап берді. Барлық топтарға ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, перспективалық жоспарлары, таңғы жаттығу және әнұран айту кестесі, күн тәртібі кестесін бекітіліп, таратылды. Бөбекжайдың жас мамандарына тәлімгерлер бекітілді. Тәлімгерлік жұмыс бойынша жоспар құрылды.

Бесінші мәселе бойынша күзгі аттестациядан өтетін педагогтардың жоқ екені анықталды.

Алтыншы мәселе бойынша бөбекжай психологы Аханова Ақмарал педагогтарды жана оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына мотивациялық «Өзіне деген сенімділікті арттыру» тақырыбында тренинг өткізді. Барлық педагогтар қызығушылықпен қатынасты. Жаңа оқу жылына әр педагог өзінше серпін алды, тренинг барлық педагогтын көңілінен шықты. Әдіскер Қуттыбай Аида «Мен 2024-2025 оқу жылы...» мақсатты тренингісін өткізді. Мақсаты: әр педагог жаңа оқу жылына мақсат қою, мақсатқа жетуі үшін алдына міндеттер қою, №5 педагогикалық кеңесте осы жазылған міндеттері бойынша қорытынды жасалатынын ескертті.

Жетінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылының «Үздік дамытушы орта» байқауына қорытынды жасалды. Қорытынды нәтижесінде «Достық» тобының тәрбиешілері Сулейменова К. және Аширова Айманға диплом табысталды.

Әр түрлі мәселелер бойынша кәсіподақ төрайымы өзгертілді. Кәсіподан төрайымы болып шаруашылық меңгерушісі Эркинова Садоқат бекітілді. Кәсіподақ төрайымының көмекшісі болып тәрбиеші Серикбаева Назира тағайындалды.

Ішкі тәртіп ережелерін қайта айтып меңгеруші педагогтарға жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігін атап өтті. Әрбір іс-әрекеттерде ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті. Балалардың тазалығы мен төлемақысын қадағалауды тапсырды.

Педагогикалық кеңестің шешімін қабылданды.

Қаулы:

1. 11 қыркүйекке дейін топтардың жеке іс-қағаздары тапсырылсын.
2. Қыркүйек айының екінші аптасында перспективалық жоспарлар бекітілсін.
3. Ішкі тәртіп толықтай сақталсын, жұмысқа уақытылы келсін.
4. Топтардағы дамытушы орталықтар толықтырылсын.
5. Білім беру-тәрбиелеу процестеріне ата-аналар тартылсын. Ашық есік күндері ұйымдастырылсын
6. Жасанды интеллект технологияларын меңгеру бойынша педагогтар арасында жиі шеберлік сағаттары өткізілсін.

Педкеңес төрайымы: Карабаева Г.Ж

Хатшы: Бабашева О



№2 педагогикалық кеңестің күн тәртібі

Тақырыбы «Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы арттыру».

Мақсаты: балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз етуге, балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эмоционалдық, танымдық қабілеттерін дамытуға психологиялық бағыт – бағдар беру

Өткізген күні: 06 қараша 2024 жыл

Қатысқан: 12 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: Карабаева Г.Ж

Хатшы: Бабашева О

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. № 1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы
Меңгеруші Г.Ж.Карабаева

2. «Ерекше білім беруді талап ететін балаларға жасанды интеллект қалай көмектесе алады?»
тәрбиеші Аширова А.

3. Ерекше білім беруді талап ететін балалармен жұмыс.
Логопед: Тұрлыбек Б.

4. Ерекше білім беруді талап ететін балалардың қауіпсіздігі.
Тәрбиеші: Бестенова Л



5. Тренинг.
Педагог-психолог: Аханова А.

6. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Г.Ж.Карабаева сөз алды. Педагогтардың жұмыстарын саралап, топтардағы дамытушы орталықтардың толықтырылуы бойынша талдау жүргізді. Топтардың жұмыстарына оң бағасын берді. . 2023-2024 оқу жылының №1 педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімдердің орындалуын өте жақсы деп бағалады. Педагогтарға нейрожелілерді



үйреніп қана қоймай, күнделікті балалармен жиі қолдануды тапсырды.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Аширова Айман «Ерекше білім беруді талап ететін балаларға жасанды интеллект қалай көмектесе алады?» тақырыбында шеберлік сағатын көрсетті. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен олармен жүргізілетін жұмыстар тұрғысында бірнеше кеңестер берілді. Педагогтерге Utaigra платформасында жұмыс жасауды үйретті, педагогтар платформаға кіріп, ойынды құрастыруға болатынын шеберлік сағатында көрсетіп, әр түрлі педагогтар жасаған ойындарға талдау жүргізді. Тәрбиешілердің сұрақтарына жауап бере кетті. Барлық педагогтерге платформада жұмыс жасау ұнады, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасау кезінде

басшылыққа алатындарын айтып, әріптестеріне алғыстарын білдірді.

Үшінші мәселе бойынша логопед Тұрлыбек Балжан «Ерекше білім беруді талап ететін балалармен жұмыс» тақырыбында іс-тәжірибесімен бөлісті. Педагогтерге ерекше білім беруді қажет ететін балалармен ойналатын көптеген ойын түрлерімен және ойындардың шарттарымен таныстырды. Әріптестері тарапынан логопед жұмысы оң бағаланды, әрбір ойыннан алған әсерлерін бөлісіп отырды. Дыбыстық жаттығулардан бастап, тыныс алу жаттығулары мен қолда бар заттармен ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілетін ойын түрлері көрсетілді.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші Бестенова Ләззат «Ерекше білім беруді талап ететін балалардың қауіпсіздігі» тақырыбында өз тобындағы ерекше білім беруді талап ететін балалардың қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етіп жатқаны жөнінде өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Аталған санаттағы балалармен жүргізілетін жеке



жұмыстарынан көрсете өтті. Әр баланың қауіпсіздігі үшін қандай да бір жасалынып жатқан іс-әрекеті мен балалармен қарым-қатынастары да талқыланды, әріптестер тарапынан Бестенова Ләззаттың жұмысы мен шыдамдылығы оң бағаланды, әріптестері тарапынан мақтау естіді.

Бесінші мәселе бөбекжай психологы Аханова Ақмарал ерекше білім беруді талап

е
т
е

Әр түрлі мәселелер бойынша ерекше білім беруді талап ететін балалардың қауіпсіздігіне аса сақ болуды талап етті, балалармен жеке жұмыстары көптеп жасалынып, тәрбиешілер бүгінгі іс-тәжірибеде көрген ойындарын өз жұмыстарында

б
а
л
а
л
а
р
д



қолдануды сұрады. Ішкі тәртіп ережелерін қайта айтып меңгеруші педагогтарға жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігін атап өтті. Әрбір іс-әрекеттерде ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті. Балалардың тазалығы мен төлемақысын қадағалауды тапсырды.

Педагогикалық кеңес қорытындыланып, педагогикалық кеңестің шешімі қабылданды.

Қаулы:

1. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар қауіпсіздігі сақталсын
2. Ерекше білім беруді балалармен жұмыс жасай алуы үшін тәрбиешілер біліктіліктерін арттырсын.
3. Цифрлық технологиялармен жұмыс жасауда нейрожелілермен жұмыс жасау басшылыққа алынсын
4. Топтардағы дамытушы орталықтар толықтырылсын.
5. Жасанды интеллект технологияларын меңгеру бойынша педагогтар арасында жиі шеберлік сағаттары өткізілуі әдіскерге жүктелсін.

д
а

Педкеңес төрайымы: Карабаева Г.Ж

Хатшы: Бабашева О

п
е
д
а
г
о
г
т

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Бөбекжай мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық»

Мақсаты: Бөбекжай мен ата-аналар арасында өзара ынтымақтастық орнату және нығайту. Ата-аналарды тәрбие процесіне белсенді түрде тарту. Балалардың дамуына ата-аналардың рөлін арттыру үшін тиімді әдіс-тәсілдерді талқылау және қолдану. «Жас ата-аналар», «Аналар мектебі» және «Әкелер мектебі» аясындағы жұмыстарды жетілдіру. Ата-аналармен қарым-қатынасты заманауи әдістер арқылы тиімді ұйымдастыру.

Өткізген күні: 29 қаңтар 2025 жыл

Қатысқан: 11 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: Карабаева Г.Ж.

Хатшы: Бабашева О

Күн тәртібі:

- 2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп.
- «Жас ата-аналар» мектебі аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Каринбаева Н.
- «Жас аналармен жұмыс жасауға нені ескереміз» іс-тәжірибе. Тәрбиеші: Аширова А.
- «Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Мырзахметова А.
- «Аналар мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Серикбаева Н.
- №3 педагогикалық кеңестің шешімі.

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Г.Ж.Карабаева сөз алды.

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп. Балабақша меңгерушісі №2 педагогикалық кеңестің шешімдері бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Атап айтқанда:

1. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар қауіпсіздігі сақталсын
2. Ерекше білім беруді балалармен жұмыс жасай алуы үшін тәрбиешілер біліктіліктерін арттырсын.
3. Цифрлық технологиялармен жұмыс жасауда нейрожелілермен жұмыс жасау басшылыққа алынсын
4. Топтардағы дамытушы орталықтар толықтырылсын.
5. Жасанды интеллект технологияларын меңгеру бойынша педагогтар арасында жиі шеберлік сағаттары өткізілуі әдіскерге жүктелсін.

Аталған қаулы бойынша жұмыстардың орындалуына оң баға берілді.
Қорытынды: Шешімдер толық көлемде орындалды. Жаңа жоспарлар жасау қажеттілігі атап өтілді.

2. «Жас ата-аналар» мектебі аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші Каринбаева Назерке жас ата-аналарды балабақшаның тәрбие жұмысына тарту үшін қолданылған әдістерімен бөлісті. Шеберлік сағатында ата-аналарға баламен қарым-қатынасты нығайтудың заманауи тәсілдері ұсынылды.

Қорытынды: Шеберлік сағаты барысында ата-аналар тарапынан жоғары қызығушылық байқалды. Қосымша семинарлар ұйымдастыру туралы ұсыныс енгізілді.

3. «Жас аналармен жұмыс жасауға нені ескереміз» іс-тәжірибе. Тәрбиеші Аширова айман жас аналармен жұмыс жасаудағы тиімді тәжірибесін бөлісті. Жұмыс барысында психологиялық қолдау көрсету және эмоционалдық тепе-теңдікті сақтау қажеттігі айтылды.

Қорытынды: Жас аналармен жұмысты жандандыру үшін арнайы тренингтер жоспарлау туралы шешім қабылданды.

4. «Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші Мырзахметова Айгерім әкелердің балалар тәрбиесіндегі рөлін арттыру бойынша тәжірибесін таныстырды. Әкелерге арналған шығармашылық және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Қорытынды: Әкелерді тәрбиелік жұмыстарға көбірек тарту үшін жаңа форматтағы шаралар енгізу ұсынылды.

5. «Аналар мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші Серикбаева Назира аналармен жүргізілген жұмыстардың тәжірибесін бөлісті. Балалардың эмоционалдық дамуына ананың ықпалы ерекше екені атап өтілді.

Қорытынды: Аналар мектебінің жұмысы тиімді жалғасуы үшін жоспарлы түрде шеберлік сағаттары мен семинарлар өткізу ұсынылды.

№3 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімдері толығымен орындалғаны назарға алынды.

та-аналармен ынтымақтастықты нығайту мақсатында:

Жас ата-аналар» мектебі аясында қосымша шаралар ұйымдастырылсын.

ас аналармен жеке және топтық жұмыстарды күшейтілсін.

- «Әкелер мектебі» бағдарламасын жандандырылсын.
- «Аналар мектебі» шеңберінде практикалық және шығармашылық шаралар өткізілсін.

3. Тәрбиешілерге ата-аналармен байланыс орнатуда заманауи әдістерді қолдану ұсынылсын.
4. Ата-аналармен өткізілетін іс-шаралар туралы есеп келесі педагогикалық кеңесте тыңдалсын.

Педкеңес төрайымы: Карабаева Г.Ж.

Хатшы: Бабашева О



№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы:

«Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістері»

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық санасы мен табиғатқа деген жанашырлық көзқарасын қалыптастыруда тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау және тәжірибеде қолдану жолдарын жетілдіру; педагогтердің экологиялық тәрбие беру ісіндегі кәсіби құзыреттілігін арттыру; отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайта отырып, тәрбиеленушілердің табиғатқа ұқыпты қарау мәдениетін дамыту.

Күні: 2025 жыл, "11" наурыз

Өткізілген орны: оқу залы

Уақыты: 13.00

Қатысқандар: 9 педагог

Қатыспағандар: 0 педагог

Төрайымы: бөбекжай меңгерушісі Г.Ж.Карабаева

Хатшы: Бабашева О

Күн тәртібі:

№3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері. Әдіскер:

Қуттыбай А.Н.

. Экологиялық мерекелер. Тәрбиеші: Сулейменова К.

. Экологиялық ойындар.

.Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру.

Тәрбиеші: Бестенова Л.

.Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру. Тәрбиеші: Аширова А

7. №4 педкеңес шешімін шығару

Бөбекжай меңгерушісі №4 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен

таныстырып, №3 педагогикалық кеңес шешіміне тоқталып, оң бағасын берді.

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері

Баяндамашы: Әдіскер Қуттыбай А.Н

- Қуттыбай Аида экологиялық тәрбиенің маңыздылығын атап өтіп, мектепке дейінгі балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятудың негізгі әдіс-тәсілдері туралы баяндама жасады.
- Экологиялық білім беруде табиғи материалдарды пайдалану, бақылау, тәжірибелер жүргізу, әңгіме, сұрақ-жауап әдістерін қолданудың тиімділігі туралы ұсыныстар берілді.

- Педагогтарға балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, экологиялық тәрбиені ойын арқылы ұйымдастыру ұсынылды.

2. Экологиялық мерекелер

Баяндамашы: Тәрбиеші Сулейменова Камилла.

- Сулейменова К. экологиялық тақырыптағы мерекелерді ұйымдастырудың маңызын түсіндіріп, оларды өткізу формаларын атап өтті.
- «Құстар күні», «Ағаш отырғызу күні», «Су – тіршілік көзі», «Таза ауа – денсаулық кепілі» сияқты мерекелік іс-шаралар балалардың экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталғаны айтылды.
- Мерекелердің балаларға танымдық әсері зор екендігі, табиғатқа деген ұқыптылық пен жанашырлық сезімін тәрбиелейтіні аталып өтті.

3. Экологиялық ойындар

Баяндамашы: Тәрбиеші Ельбаева Коросач.

- Ельбаева К. экологиялық тақырыпта қозғалыс ойындарын және дидактикалық ойындарды өткізудің әдістерімен бөлісті.
- «Табиғатты қорға», «Су тамшысы», «Орман достары», «Құстарға көмектесейік» ойындары көрсетіліп, балалардың экологиялық мінез-құлқын қалыптастырудағы рөлі түсіндірілді.
- Ойын арқылы балаларға табиғатты қорғау ережелерін үйрету, экологиялық дағдыларды дамыту жолдары ұсынылды.

4. Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру

Баяндамашы: Тәрбиеші Бестенова Л.

- Аманкулова А.И. ата-аналардың балаларды табиғатты қорғауға үйретудегі рөлін атап өтті.
- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың формалары: әңгіме, ата-аналар жиналысы, практикалық шеберлік сабақтары ұсынылды.
- Балабақша мен отбасының тығыз байланысы балалардың экологиялық тәрбиесін тиімді етуге ықпал ететіні көрсетілді.

5. Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру

Баяндамашы: Тәрбиеші Аширова А.

- Аширова А. балалармен табиғат аясында экскурсиялар, бақылау жұмыстарын жүргізу арқылы экологиялық сананы қалыптастыру туралы баяндады.


- Балаларға «қоқыс тастамау», «ағаш сындырмау», «құстарға жем шашу» сынды нақты әрекеттерді үйрету қажеттілігі айтылды.
- Әр баланың табиғатқа деген жауапкершілік сезімін ояту бағытында жүргізілетін жұмыстар талқыланды.

Тыңдалды:

Барлық баяндамалар тыңдалып мен шеберлік сағаттар мен тәжірибе бөлісу өткізіліп, ұсыныстар мен пікірлер айтылды.

№4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер:

1. Педагогтерге мектепке дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізу ұсынылсын.
2. Әдіскер Қуттыбай А.Н 2025 жылдың соңына дейін экологиялық тәрбие бойынша әдістемелік құрал дайындау тапсырылсын.
3. Тәрбиешілерге (Сулейменова К., Бестенова Л., Аширова А.) балалармен және ата-аналармен экологиялық іс-шаралар ұйымдастыруды жалғастыру ұсынылсын.
4. Балабақша ауласында «Экологиялық бұрыш» ұйымдастыру жұмыстары қолға алынсын (жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер).

Хаттаманы толтырған:  Бабашева О

Төрайымы:  Карабаева Г.Ж

Педагогикалық кеңес №5

Күні: 29 мамыр 2025 жыл

Уақыты: 13.00

Өткізу түрі: Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі

Тақырыбы: «Оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі»

Мақсаты: Мектепке дейінгі мекемедегі барлық тәрбие-білім беру іс-әрекеттерінің, сонымен қатар әрбір педагогтың жеке кәсіби жұмыстарының жыл бойғы қорытындысын шығару

☑ Қатысқандар:

- МДҰ меңгерушісі – Г.Ж.Карабаева
- Әдіскер – А.Н.Куттыбай
- Барлық тәрбиешілер мен педагог мамандар
- Мамандар (музыка жетекшісі, психолог, логопед)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп

Баяндамашы: Меңгеруші Г.Ж.Карабаева

№4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер:

педагогтерге мектепке дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізу ұсынылсын.
әдіскер Куттыбай А.Н. 2025 жылдың соңына дейін экологиялық тәрбие бойынша әдістемелік құрал дайындау тапсырылсын.
тәрбиешілерге (Сулейменова К., Бестенова Л., Аширова А.) балалармен және ата-аналармен экологиялық іс-шаралар ұйымдастыруды жалғастыру ұсынылсын.
алабақша ауласында «Экологиялық бұрыш» ұйымдастыру жұмыстары қолға алынсын (жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер).

Жыл басында белгіленген іс-шаралардың орындалу барысы талданды. Мақсатты көрсеткіштерге жету нәтижелері туралы қысқаша шолу жасалды. Педагогтармен орындалған әдістемелік, тәрбиелік жұмыстар аталып өтті

2. Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есебі

Баяндамашылар: Барлық педагогтер

Жетекшілік: Әдіскер А.Н.Куттыбай

Әр педагог өз тобы бойынша жүргізген оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін таныстырды. Ашық сабақтар, ата-аналармен жұмыс, шығармашылық жобалар, диагностикалық нәтижелер қамтылды. Жетістіктер мен жетілдіруді қажет ететін тұстар талқыланды. Жылдың басында алдарына қойылған мақсаттардың орындалуын талқылады.

3. Тренинг-жаттығу: «Бір жылғы жетістігімізді қорытындылайық»

Жүргізуші: Әдіскер Қуттыбай А.Н

Мақсаты: Педагогтердің жыл бойы атқарған еңбектерін ұжымдық талдау арқылы жағымды эмоционалды ахуал қалыптастыру

Тренинг форматы:

«Жетістіктер тізбегі» – әр педагог жетістігін атап, стикерге жазып, тақтаға жапсырады

«Мақтан етемін...» жаттығуы – әр педагог жыл ішіндегі басты мақтанышын айтып өтеді

Қорытынды: әдіскер әрбір педагогтің атқарған ісін қысқаша оң бағамен түйіндейді

4. 2024–2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)

Баяндамашы: Әдіскер А.Н.Қуттыбай

Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік, дене және эмоционалды құзыреттіліктері бойынша салыстырмалы талдау ұсынылды. Топтар бойынша құзыреттілік деңгейлері диаграмма арқылы көрсетілді. Диагностиканың негізінде келесі оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер қарастырылды

5. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау

Жетекшілік: Меңгеруші мен әдіскер

Педагогтерге аттестациядан өту талаптары түсіндірілді. 2025–2026 оқу жылына өтініш қабылдау мерзімдері айтылды. Портфолио жинақтау бойынша кенестер берілді

6. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту

Жетекшілік: Меңгеруші Г.Ж.Карабаева және әдіскер А.Н.Қуттыбай

Жаз мезгіліндегі серуендер, экскурсиялар, денсаулық сақтау шаралары, ойындар, спорттық іс-шаралар жоспары таныстырылды. Әр топтың тәрбиешісі мен жауапты тұлғалары бекітілді. Қауіпсіздік шараларын сақтау, ата-аналармен байланыс және ауа райы жағдайына сай баламалы жоспар жасау мәселелері қаралды

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:

1. №4 педкеңестегі шешімдердің орындалуы жақсы деп танылсын.
2. Барлық педагогтер өз есебін сәтті қорғап шықты. Жыл қорытындысы оң нәтижелі деп бағалансын.
3. Құзыреттілік диагностикасының нәтижесі негізінде келесі оқу жылына нақты ұсыныстар дайындалсын.
4. Аттестациядан өтуге ниетті педагогтер тізімі 2025 жылдың маусымына дейін толық бекітілсін.
5. Жазғы сауықтыру жоспары бекітілді, орындалуы үнемі бақылауда болсын.

Хаттаманы жүргізген:

Әдіскер А.Н.Куттыбай

Бекітемін:

Меңгеруші Г.Ж.Карабаева

Қалы, күні

